ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМШЕСІ
№ 646
2025 г. 10 07

Бекітемін
Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы
полиция генерал-майоры
А. Дәрменов
2025 жылғы «10» 07

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының өзін-өзі бағалауы туралы ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
Ғылыми кеңес отырысында
талқыланды және мақұлданды
2025 ж. «10» шілдедегі
№ 11 хаттамасы

2025 ж., Қостанай

МАЗМҰНЫ:

1. Кіріспе.....2

2. Жалпы сипаттамасы.....3-8

3. Білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.....9

4. ПОҚ кадрлық құрамы.....10

5. Бакалавриат, магистратура, докторантураның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау.....11-29

6. Академия білім алушыларының тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмысы.....30-33

7. Академияның халықаралық қызметі.....34-35

8. Ғылыми кеңесте өзін-өзі бағалау мәселесін қарау.....36

1. КІРІСПЕ

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының 59–бабының 4-1-тармағына және Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Ғылыми кеңесінің (бұдан әрі-Академия) 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 8 хаттамасының шешіміне сәйкес, 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Академияның білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді. Академия бастығының 2025 жылғы 21 мамырдағы №69 бұйрығымен Академияның өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы бекітілді (*бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі*).

Академияның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарын бағалау өлшемшарттарына (бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары) сәйкес жүзеге асырылды (2024 жылғы 18 шілдедегі № 355 өзгерістермен).

2. ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 3-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы оқу орны (бұдан әрі – ӘАОО) болып табылады (https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319).

Академия Қазақ КСР ІІМ-нің 1971 жылғы 1 қарашадағы № 0278 бұйрығымен Қазақстан ІІМ кіші және орта басшы құрамын даярлаудың Қостанай облысаралық мектебі ретінде құрылды (https://kostacademy.citorleu.kz/pages/history-academy). Өз даму жолында орта арнаулы оқу орнынан бастап, жоғары оқу орны - Академияға дейін өсті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1287 қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай академиясы» РММ Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді (көшірмесі қоса беріледі) *(https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001287/compare).*

Білім беру ұйымының толық атауы:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Заңды деректемелер:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы» РММ
Қазақстан Республикасы, 110005, Қостанай облысы,
Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 11
БСН / ЖСН 960840000255
ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ92070101KSN0000000
Бенефициар коды 11

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы):

Қазақстан Республикасы, 110005, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 11 үй (*мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі*).

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон 8(7142) 39-02-89, факс 8(7142) 26-58-40, e-mail: *odo@qpa.edu.kz*, ЖОО-ның веб-ресурстары www.qpa.edu.kz.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Академия бастығы – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция генерал-майоры Дәрменов Ақынқали Дәуітбайұлы (*лауазымға*

тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі) (*https://qpa.edu.kz/structure/section-biography/1428*).

Телефон: 8 (7142) 39-03-73 (бастықтың қабылдау бөлмесі).

Академияның қызметі Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҒжЖБМ), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ) бұйрықтарымен, Академия жарғысымен регламенттеледі.

Академияның жарғысы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерді және оқу орындарының жарлықтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 29 мамырдағы № 446 бұйрығымен бекітілген (https://adilet.zan.kz/rus/docs/G24C0000446), (1182d22c01c973838f3439253cb9bf39ff57f5f9.pdf) (*Жарғының көшірмесі қоса беріледі*).

Академияның білім беру қызметіне рұқсат беретін лицензиялары бар (*көшірмелері қоса беріледі*) (*cd443e3631344550b97b249f04500d4976755535.pdf*):

1) Білім және ғылым министрлігі 2015 жылғы 13 наурыздағы (№ KZ92LAA00004462), жоғары білімнің (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің (магистратура және докторантура) білім беру бағдарламалары бойынша берілген, қолданылу мерзімі шектеусіз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензия:

«6В12301 Құқық қорғау қызметі»;

«7М12301 Құқық қорғау қызметі»;

«8D12301 Құқық қорғау қызметі» (12.10.2018 ж. № 1681).

2) түршелері бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымша (көшірмелері қоса беріледі): Білім және ғылым министрлігі 2015 жылғы 13 наурыздағы (№ KZ92LAA00004462) берілген, қолданылу мерзімі шектелмеген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кадрлар даярлаудың мынадай бағыттары бойынша:

«6В123 Қоғамдық қауіпсіздік» (2024 жылғы 27 ақпандағы № 287);

«7М123 Қоғамдық қауіпсіздік» (2024 жылғы 27 ақпандағы № 287);

«8D123 Қоғамдық қауіпсіздік» (2019 жылғы 11 шілдедегі № 572) (cd443e3631344550b97b249f04500d4976755535.pdf).

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 764 бұйрығына сәйкес академияда білім беру бағдарламаларының мынадай тізбесі

бекітілді:

«6B12301 Құқық қорғау қызметі» (Ұлттық қауіпсіздік және соғыс бакалавры);

«7M12301 Құқық қорғау қызметі» (ғылыми және педагогикалық бағыт, Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер магистрі);

«8D12301 Құқық қорғау қызметі» (философия докторы (PhD)/ Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер докторы) (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017755).

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 764 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 507 бұйрығына сәйкес білім беру бағдарламаларының тізбесі «6B12305 Ішкі істер органдарының қызметіндегі педагогика және психология» (Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер бакалавры) толықтырылды (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034559). Осы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 764 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 374 бұйрығына сәйкес білім беру бағдарламаларының тізбесі «6B121306 Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл» (Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер бакалавры) толықтырылды (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036133). Осы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүзеге асырылады.

Академияны қаржыландыру көзі - республикалық бюджет, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі болып табылады.

Материалдық база жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрықтарымен бекітілген:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындары қызметінің қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 23 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013141);

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-

әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013201);

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 245 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022653);

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 20 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013148);

5) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 77 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013199);

6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 80 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013202);

7) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 25 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013139);

8) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 21 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013113);

9) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 764 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017755);

10) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 32 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013142);

11) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидалары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 500 бұйрығы (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013796#z1).

Консультативтік-кеңесші, алқалы басқару органдары құрылды және жұмыс істейді (https://qpa.edu.kz/pages/organ):

- Ғылыми кеңес (https://qpa.edu.kz/pages/academic_council);
- Оқу-әдістемелік кеңес (bf090c519d82a4d5c0131043a05311c186761c36.pdf);
- Ғылыми-әдістемелік кеңес (9d960472823753642c553e7e3d4d614dd3ff6fe0.pdf)
- Жас ғалымдар кеңесі (https://qpa.edu.kz/pages/shcola),
- Диссертациялық кеңес (https://qpa.edu.kz/pages/structural_divisions).

2024 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен Академия базасында «8D123 – Қоғамдық қауіпсіздік» даярлау бағыты бойынша «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасына 3 жылға арналған Диссертациялық кеңес ашылды (ҚР ҒжЖБМҒжЖБССҚЕК 2024 жылғы 22 шілдедегі № 644 бұйрығы) (https://qpa.edu.kz/pages/council-activity) (*хаттың көшірмесі қоса беріледі*).

Академия бастығының 2024 жылғы 4 мамырдағы № 81 бұйрығымен Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді (https://ffa.object.pscloud.io/skuggcke/oykcaokq/eoamgqcg/278107b7484a5452bc7e514bd42b6e7e3d99042e.pdf).

Академияны дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасы стратегиялық басымдықтарды, білім беруді, ғылымды және құқық қорғау жүйесін интеграциялау негізінде кадрларды даярлаудың көп деңгейлі жүйесін дамытуды, ЖОО-ның отандық білім беру кеңістігіндегі жетекші позицияларын, ЖОО-ның тәжірибеге бағдарланған үлгідегі білім беру ұйымы ретіндегі әлеуетін нығайтуды көрсетеді.

Академияның ғылыми-білім беру қызметі Академияның интернет-ресурстарында және Академияның әлеуметтік желілерінің парақшаларында жарияланады (https://qpa.edu.kz/pages/science).

Оқу жылы ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында 800-ден астам материал орналастырылды (TikTok – 181, Академия сайты (https://qpa.edu.kz/academy) – 210, баспа басылымдары– 29, басқа әлеуметтік желілер – 32, теледидар – 24 және т.б.).

Бүгінгі таңда Академияның әлеуметтік желілерінің ресми парақшаларында оқырмандар саны 49000 адамға жетеді, оның ішінде Instagram (https://www.instagram.com/qostanay_police_academy?igsh=cTZsYjEwdzF3OWU4) – 29 мың адам, Telegram (https://t.me/academykst) – 732 адам, facebook (https://www.facebook.com/share/14E7jdVrJwv/) – 4,9 тыс. адам, TikTok - Kostanay.academy (@kostanay.academy) | TikTok - 14,5 мың адам.

Жалпы, Академия есептік кезеңде ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігін арттыру бойынша мақсатқа сай жұмыс жүргізді.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Білім беру қызметін жүргізу құқығына арналған лицензияға сәйкес, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 764 бұйрығының негізінде Академия бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

Бакалавриат

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша бакалавриат бойынша білім алушылар контингенті 396 адамды құрады, оның ішінде 180 адам – 1-курста (2024 ж.қабылданан), 216 адам – 2-курста (2023 ж. қабылданған). Оқу жылы ішінде 19 адам оқудан шығарылды, оның ішінде 12 адам 1-курста (9 – өз қалауы бойынша, 3 – ауысуына байланысты), 7 адам 2-курста (4 – өз қалауы бойынша, 2 – ауысуына байланысты, 1 – басқа себептер).

Оқу жылының соңында бакалавриат бойынша білім алушылар контингенті 377 адамды құрады, оның ішінде 168 адам – 1-курста (2024 ж. қабылданған), 209 адам – 2-курста (2023 ж. қабылданған).

Барлық білім алушылар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқиды.

Магистратура

2024 жылдың 1 қыркүйегіне магистратурада білім алушылар контингенті 26 магистрантты құрады (ғылыми-педагогикалық бағыт). Оқу жылы ішінде 5 магистрант оқудан шығарылды, оның ішінде 1-курста (2024 ж. қабылданған) 4 адам - өз еркімен, 2-курста (2023 ж. қабылданған) 1 адам - басқа себептер. 2024-2025 оқу жылының соңында магистратурада білім алушылар контингенті 21 адамды құрады.

Магистратурада барлық білім алушылар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқиды.

Докторантура

2024 жылдың 1 қыркүйегіне докторантурада білім алушылар контингенті 9 адамды құрады. 2024-2025 оқу жылының соңында докторантурада білім алушылар контингенті 9 адамды құрады.

Докторантурада барлық білім алушылар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқиды.

2024-2025 оқу жылына арналған оқыту тілдері бойынша білім алушылар контингенті туралы мәліметтер қорытындыға қоса беріледі.

4. ПОҚ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Есепті кезеңде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын профессорлық-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) саны 83 адамды құрады. Академияның штаттық саны 290 бірлікті құрайды, оның ішінде аттестатталған құрам - 212 бірлік, азаматтық қызметшілер – 78 бірлік. Профессорлық-оқытушылар құрамы штат бойынша 98 бірлікті құрайды. 2024-2025 оқу жылының басында Академияда 10 кафедра жұмыс істеді.

Академияда 4 ғылым докторы, 17 ғылым кандидаты және 7 PhD философия докторы жұмыс істейді. Оқу процесіне 4 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты, 5 философия докторы (PhD), 4 полковник, 31 подполковник, 18 магистр қатысты.

Академия қызметкерлері мен ПОҚ «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 463 бұйрығымен бекітілген Біліктілік талаптарына (https://adilet.zan.kz/rus/docs/G20C0000463#z166), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 (бұдан әрі-БТ) бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келеді (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400033892).

Академияда кадрларды іріктеу және орналастыру «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 23 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының қызмет қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 қаңтардағы № 34 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнайы оқу орындарында, азаматтық қызметшілердің лауазымдарын қоспағанда, педагогтар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5. БАКАЛАВРИАТ, МАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын базалық біліктілік талаптары

Білім беру бағдарламаларының болуы

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 1-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін білдіреді.

МЖМС 47-тармағына сәйкес Академия оқыту нәтижелерін көрсететін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары МЖМС талаптарына, Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына, Академия бастығының бұйрықтарына және Академиялық саясатқа сәйкес әзірленді (f452a1cc3d8479c8e9d95fd6831971f380456707.pdf).

Академия жоғары білім берудің «6В12301 Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламаларын мынадай мамандандырулар бойынша іске асырады: ІІО қылмыстық-атқару қызметі, 2023, 2024 жылдары қабылданған ІІО әкімшілік-құқықтық қызметі. Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен мақұлданған (2023 жылғы 22 ақпандағы № 6 хаттама, 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 15 хаттама). Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен, Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетімен, Қазақстан Республикасы ІІМ Кадр саясаты департаментімен келісілді.

Білім беру бағдарламалары «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (бұдан әрі – МЖМС) негізінде әзірленді. МЖМС-ға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты, 2025-2026 оқу жылының басынан бастап қолданысқа енгізілетін білім беру бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (*білім беру бағдарламаларының көшірмелері, 2025 жылғы 26 наурыздағы Ғылыми кеңес отырысының № 7 хаттамасынан үзінді қоса беріледі*).

Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы МЖМС талаптарына сәйкес келеді және мыналардан тұрады:

- жалпы білім беретін, базалық, бейіндік пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқыту;
- білім алушыларды практикалық даярлау: оқу, өндірістік практика, оқытудың қосымша түрлері;
- қорытынды аттестаттау.

Базалық және бейіндік пәндер циклдары ЖОО компонентінің пәндерін қамтиды.

«6В12301 Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша 2023 жылға қабылданғандар үшін 255 кредитті игеру көзделген, 2024 жылға қабылданғандар үшін 249 кредитті игеру көзделген. ЖББ циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарлары Академияда МЖМС талаптарына сәйкес әзірленеді және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалаврларын даярлауға арналған оқу жұмыс жоспарлары «6В12301 Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары негізінде әзірленді (мамандандыру: ІІО қылмыстық-атқару қызметі, ІІО әкімшілік-құқықтық қызметі (Ғылыми кеңестің 22.02.2023 ж. № 6 хаттамасы, 30.04.2024 ж. № 15 хаттамасы).

Академия магистратурасының білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы МЖМС талаптарына сәйкес келеді және мыналарды қамтиды:

- негізгі және бейіндік пәндер циклдарын зерделеуді қамтитын теориялық оқыту;
- магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
- магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, тағылымдаманың әртүрлі түрлері;
- қорытынды аттестаттау.

Академия магистратурасының білім беру бағдарламалары модульдік негізде әзірленді.

Магистратураның білім беру бағдарламалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 1-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін білдіреді.

Академия 2023, 2024 жылдары қабылданған үшін «7М12301 Құқық қорғау қызметі" (ғылыми-педагогикалық бағыт) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады. Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен мақұлданған (2023 жылғы 27 сәуірдегі №8

хаттама, 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 15 хаттама). Қазақстан Республикасы ІІМ Кадр саясаты департаментімен келісілді. Білім беру бағдарламалары "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының (бұдан әрі – МЖМС) негізінде әзірленді (*білім беру бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).* Білім беру бағдарламасының құрылымы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» МЖМС 2-қосымшасына сәйкес әзірленді.

Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрлерін даярлауға арналған оқу жұмыс жоспарлары «7М12301 Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру бағдарламалары негізінде әзірленді (Ғылыми кеңестің 27.04.2023 ж. № 8 хаттамасы, 30.04.2024 ж. № 15 хаттамасы).

Академия **докторантурасының** білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы МЖМС талаптарына сәйкес келеді және мыналарды қамтиды: теориялық оқыту, педагогикалық және зерттеу практикасы, ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау.

Докторантураның білім беру бағдарламалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 1-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін білдіреді.

Академия 2022, 2023, 2024 жылдары қабылданғандары үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің «8D12301 Құқық қорғау қызметі" білім беру бағдарламаларын іске асырады. Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен мақұлданған (2022 жылғы 19 мамырдағы № 11 хаттама, 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 8 хаттама, 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 15 хаттама). Қазақстан Республикасы ІІМ Кадр саясаты департаментімен келісілді. Білім беру бағдарламалары "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының (бұдан әрі – МЖМС) негізінде әзірленді (*білім беру бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).* Докторантураның білім беру бағдарламаларының құрылымы МЖМС 8-қосымшасына сәйкес әзірленді.

Философия докторлары (PhD)/Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторлары үшін оқу жұмыс жоспарлары «8D12301 Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары негізінде әзірленді (Ғылыми кеңестің 19.05.2022 ж. №11 хаттамасы, 27.04.2023 ж. № 8 хаттамасы, 30.04.2024 ж. № 15 хаттамасы).

Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы

Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларының пәндері баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматында қажетті оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен толық көлемде (100%) қамтамасыз етілген.

«6В123 Қоғамдық қауіпсіздік», «7М123 Қоғамдық қауіпсіздік», «8D123 Қоғамдық қауіпсіздік» дайындық бағыты бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер Қорытындыға қоса беріледі (*1-қосымша).*

Сапалы білім беру қызметін жүргізудің маңызды көрсеткіштерінің бірі ақпараттық қамтамасыз ету деңгейі (кітапханалық-библиографиялық, оқу-әдістемелік және ақпараттық) болып табылады.

Академияда 2 кітапхана жұмыс істейді: *арнайы және жалпы.* Кітапхана қызметкерлерінің штаты толық қамтылған, қызметкерлердің базалық білімі қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Жалпы кітапхананың жалпы алаңы – 291,7 м^2, арнайы кітапхана-64,8 м^2. Алаңы 164,9 м^2 болатын бір оқу залы 56 орынмен жабдықталған. Оқу залында білім алушылардың жұмысына арналған 7 компьютер бар.

Академия кітапханасының ресурстары Академияның барлық бағыттары бойынша оқу-тәрбие процесін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқырмандардың негізгі контингентін курсанттар, магистранттар, докторанттар, алғашқы кәсіптік даярлық тыңдаушылары және Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы құрайды.

Кітапхананың кітап қоры 126821 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 31778 дана.

Соңғы 10 жылда (2015-2025 ж. ж.) оқу, оқу–әдістемелік және ғылыми әдебиеттерінің түсімі 19 434 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 8838 дана.

Академия кітапханасының басты мақсаты ақпараттық ресурстарды, оның ішінде электрондық қашықтан қол жеткізу ресурстарын қалыптастыру және пайдалану есебінен білім алушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Оқу залында оқу сабақтарына дайындық кезінде жоғары жылдамдықты интернеті бар жергілікті желіге біріктірілген компьютерлер, сондай-ақ Wi-FI қосылған мобильді құрылғылар орнатылған.

Арнайы кітапхана қоры «өте құпия», «құпия» және «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгілері бар құжаттардан құрылған. Оларға мыналар жатады: оқу процесінде және ғылыми жұмыста қолданылатын ІІМ-нің қолданыстағы және архивтік бұйрықтары, «ҚБП»

шектеулі белгісі бар докторлық және магистрлік диссертациялар, дәрістер конспектілері және курсанттардың жұмыс дәптерлері. Өте құпия және құпия басылымдармен танысу және олармен жұмыс істеу Академия бастығының адамдарды арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуге жіберу туралы бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылында арнайы кітапхана қоры 230 дана оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен толықтырылды, оның ішінде қазақ тілінде – 112.

Арнайы кітапхана қоры бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, Қазақстан Республикасы ІІМ нұсқауларының түсуі есебінен толықтырылады - 76, оның ішінде қазақ тілінде-70.

Нақты уақыт режимінде «РАБИС. Кітапхана ісі» электрондық каталог және «Өрлеу» ақпараттық технологиялар орталығы» жұмыс істейді .

Академия сайтында білім алушылар мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін (https://qpa.edu.kz/academy) «Кітапхана» бөлімінде білім беру бағдарламаларына сәйкес кітаптар мен аудиокітаптар түріндегі оқу материалдарының 295 атауы жүктелген (https://qpa.edu.kz/library).

Болашақ полицейдің үйлесімді дамыған тұлғасын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу және білім алушыларды Академияның ақпараттық порталында қосымша оқуға тарту мақсатында: түрлі аудиокітаптар жүктелді: Жорық жырлары: Өлеңдер мен толғаулары, Қазақтың батырлық жырлары, Батырлардың ерліктерін дәріптейтін қазақтың қаһармандық эпостары.

Курсанттармен міндетті түрде қарау және талқылау үшін көркем және деректі фильмдер, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», мультимедиялық энциклопедиялар жинағы - кітапхананың медиатека қорынан тұсаукесерлер жүктелген.

Кітапхана жанынан курсанттардың назарын классикалық және заманауи көркем әдебиетке аудара отырып, «Әдебиет толқынында» әдеби клубы жұмыс істейді.

Пайдаланушылардың қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес ақпараттық ресурстарға тиімді қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, жоғары білім деңгейін арттыру мақсатында Академия кітапхана қорларын (*электрондық базаға немесе ақпараттық ресурстарға қол жеткізу*) «Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана» мекемесімен, «Республикалық ғылыми-техникалық кітапханамен» бірлесіп пайдалануға шарт жасасты. Ағымдағы жылдың 19 маусымында Академия мен «ADAL KITAP» баспа ұйымы ЖШС арасында ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету

Академияда білім алушыларға медициналық қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 18 ақпандағы № 15003336 медициналық қызметпен айналысуға Мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырылады (*лицензия қоса беріледі*).

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету үшін Академияда алғашқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмек шеңберінде амбулаториялық-емханалық көмек көрсетілетін медициналық бөлім жұмыс істейді.

Емдеу кабинеттері бар медициналық бөлім Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Абай даңғылы 11 мекенжайындағы жатақхана ғимаратында орналасқан. Медициналық бөлім төрт қабатты әкімшілік ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Қабылдау үшін дәрігерлік кабинеттер бар: терапевт, сүзгі-кабинет, стоматологиялық (алаңы - 13,2 $м^2$), заманауи жабдықтармен жабдықталған, процедуралық (алаңы - 18,4 $м^2$), сондай-ақ инфекциялық аурулары бар адамдарға арналған 2 палата.

Медициналық бөлім қызметкерлерінің штаттық саны 6 бірлікті құрайды: медициналық бөлім бастығы, терапевт, санитарлық дәрігер, фельдшер, медбике, санитар.

Академияның медицина қызметкерлері туралы мәліметтер *(Қорытындыға 2-қосымша қоса беріледі):*

- Николаев Павел Емьянович, медициналық бөлімнің бастығы, дәрігер тепапевт (2022 жылғы 9 тамыздағы № KZ42VBM01845192 сертификаты, 2027 жылғы 9 тамызға дейін жарамды);
- Ахметова Айсулу Амиргалиевна, терапевт дәрігер (2024 жылғы 25 маусымдағы № KZ29VBM02353803 сертификаты, 2029 жылғы 25 маусымға дейін жарамды);
- Успанова Жулдызай Назаровна, фельдшер (2024 жылғы 23 тамыздағы № KZ95VBM02482692 сертификаты, 2029 жылғы 23 тамызға дейін жарамды);
- Вятлева Людмила Михайловна, санитарлық дәрігер (2024 жылғы 7 наурыздағы № KZ19VRL00025377 сертификаты);
- Абдухалиева Улжан Даулетовна, медбике (2024 жылғы 10 шілдедегі № KZ32VBM02387699 сертификаты 2029 жылғы 10 шілдеге дейін жарамды);
- Рахимбаева Нурслу Бигазовна, санитар.

Білім алушылардың тамақтануы үшін жағдай жасау

Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру үшін азық-түлік қоймасының (136 $м^2$) үй-жайлары, көкөніс қоймасы (141,6 $м^2$) және тез

бұзылатын өнімдерді сақтауға арналған өнеркәсіптік тоңазытқыш қондырғылары бар 600 орындық (жалпы алаңы 1651,9 м^2) жеке тұрған екі қабатты асхана ғимараты бар. Білім алушылар белгіленген нормалар бойынша күніне үш рет тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Қуат көзі орталық суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерімен жабдықталған. 2018 жылғы 11 қаңтардағы № Р.17.Н. KZ95VBS00097461 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар, асхананың санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы қорытындылары бар *(құжаттар қоса беріледі Қорытындыға 3-қосымша)*.

Академия аумағында дәмхана да жұмыс істейді. Дәмханаға тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді «Сауденова» ЖК 2024 жылғы 27 наурыздағы Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шарты негізінде жүзеге асырады. Эпидемиологиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын) бастағаны және тоқтатқаны туралы хабарлама бар (*құжаттар қоса беріледі*).

<u>Қажетті материалдық активтердің, ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы</u>

Академияда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін оқу-материалдық базасы бар.

Академия жалпы алаңы 8,3154 гектар аумақта орналасқан. Академия ғимараттарының пайдалы ауданы 15296,8 м^2 құрайды. Жалпы оқу алаңы 7881,4 м^2 болатын 4 оқу ғимараты және оқу үй-жайлары бар 3 жатақхана (дәріс залдары, әдістемелік кабинеттер, аудиториялар, полигондар, компьютерлік сыныптар) бар, онда 7 дәріс залы (680,8 м^2); 43 оқу аудиториясы (1903,5 м^2); 5 оқу-әдістемелік кабинет (227,7 м^2); 8 полигон (тактикалық қалашық – 1342 м^2, кедергілер жолағы - 268 м^2, ҚАЖ полигоны - 2792,12 м^2, ҚАЖ 1-полигоны – 197,3 м^2, кезекші бөлім – 48 м^2, қиылысы – 268 м^2, оқиға орнын тексеру – 114 м^2, анықтау және жауап алу-40 м^2) жалпы алаңы 5069,4 м^2; стадион - 15295 м^2; спорт кешені – 1843,6 м^2; шағын футбол алаңы-450 м^2, тир – 251,4 м^2, оқу-дала лагері-3950,8 м^2 (*Қорытындыға 6-қосымша қоса беріледі*).

Академияның оқу корпустары, жатақханалар, асхана және спорт кешендері орталық жылыту жүйесімен, суық және ыстық сумен, кәрізбен қамтамасыз етілген.

Барлық үй-жайларда табиғи желдету қарастырылған. Профилактикалық дезинфекция жүйелі негізде жүргізіледі және жеке гигиена шараларын, қолды сабынмен жиі жууды немесе оларды тері антисептиктерімен өңдеуді, асхана мен ас үй ыдыстарын дезинфекциялауды, ауаны желдетуді және дезинфекциялауды,

дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, үй-жайларды ылғалды жинауды қамтиды. Медицина қызметкерлері аудиторияларда, жатақханаларда, асханада, монша-кір жуу кешенінде санитариялық-дезинфекциялық режимді күнделікті тексеруді жүргізеді.

Барлық оқу, жатын бөлмелері, кітапханалар, оқу залдары табиғи жарықпен жабдықталған, ал жасанды жарықтандыру үй-жайлардың мақсатына сәйкес келеді.

Оқу корпустары оқу-зертханалық жабдықтармен, жиһазбен және мүкәммалмен жабдықталған.

Қостанай қаласынан 27 км жерде 17,6 гектар аумақты алып жатқан Академияның оқу-далалық лагері (бұдан әрі - ОДЛ) орналасқан. Лагерь аумағында жалпы алаңы 3950,8 м^2 болатын 7 ғимарат пен құрылыс бар. ОДЛ-да әскери және тактикалық-арнайы даярлық сабақтары, жедел-тактикалық оқу-жаттығулар өткізіледі.

1 білім алушыға есептегенде пайдалы оқу алаңы 3 м^2 құрайды, бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға сәйкес келеді (https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890) және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарында көзделген білім беру бағдарламаларының, жұмыс оқу жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Казармалық жағдайдағы Академия курсанттары 537 орындық үш жатақханада тұрады (жалпы алаңы – 3971,3 м^2, оның ішінде пайдалы – 2530,8 м^2). Жатақханаларда білім алушылардың тұруы және бос уақыты үшін жағдайлар жасалған (әлеуметтік-тұрмыстық бөлмелер, оның ішінде жалпы алаңы 339 м^2 дәретхана және жуу үй-жайлары) (*Қорытындыға 4-қосымша қоса беріледі*).

Кең жолақты интернеттің, қажетті материалдық-техникалық базаның қол жетімділігі, басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы

- Сымсыз технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қол жетімділігі:

Академияның бакалавриат, магистратура және докторантура білім алушыларына кең жолақты интернет қолжетімді (*2025 жылғы 26 ақпандағы «Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы» РММ мен «Қазақтелеком» АҚ арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт қоса беріледі*).

«Сымсыз технологияларды қоса алғанда» біліктілік талабы «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» саласында кадрлар даярлауды іске асыратын ӘАОО-ға қолданылмайды.

- *Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті компьютерлік кабинеттердің, компьютерлердің, мамандандырылған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етулердің болуы:*

Білім беру процесін қамтамасыз ету үшін компьютерлік сынып – 5 бірлік (300,2 м^2, 78 компьютер), жалпы кітапхана – 1 бірлік (291,7 м^2, 56 орындық 164,9 м^2 бір оқу залы, Интернет желісіне қосылған 7 компьютер) бар.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін мынадай бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылады (шарттар қоса беріледі):

